

**6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Мурзинова Айгуль Сериковнаның «Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтары негізінде)» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына**

## **ПІКІР**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Бұгінгі лингвистикалық зерттеулер ғылыми зерттеу парадигмасының үшінші сатысына сәйкес зерттеу нысанын адам факторымен тығыз бірліктे қарастыруға басымдық беріп отыр. Антропоцентристік бағыттағы зерттеудердің бір қыры – адамның немесе ұлттың болмысын, дүниетанымын, менталитетін, мәдениетін, сондай-ақ ұлттың тарихы мен әдет-ғұрпын оның тілінен іздеу, жинақтап айтқанда, ұлттың тұтас болмысын оның тілі арқылы танып-білу дегенге сяды. Осы тұрғыдан келгенде, тіл – дүниені, әлемді танудың, сол әлемнің бір бөлшегі болып табылатын адамды, тұтастай алғанда, ұлтты танудың құралы. Дүниенің тілдік бейнесін белгілі бір тілде көрініс тапқан және сол ұлттың өкілдеріне ортақ, ұжымдық тәжірибе негізінде қалыптасқан білімдердің жүйесі деп түсінер болсақ, онда әр ұлттың өзіндік ойлауы, дүниені тануы, міnezі, өмір сұру салты, тіршілік ету ортасы оның ұлттық-мәдени стереотиптерін қалыптастырады. Ұлттық-мәдени стереотиптер – бұгінгі қорғауға ұсынылып отырған зерттеу еңбегінің басты нысаны, яғни Мурзинова Айгульдің диссертациялық жұмысының тақырыбы.

Диссертация «Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтары негізінде)» деп аталады. Тақырып өзекті. Өзекті деп санау себебіміз, *біріншіден*, өзара туыс емес үш түрлі халықтың тіліндегі стереотиптерді салғастыра отырып талдау жалпыадамзаттық құндылықтарды ғана емес, әр ұлттың өзіне тән дүниетанымдық ерекшеліктерін айқын көрсетуге мүмкіндік береді; *екіншіден*, әр ұлттың өзіне тән ұлттық-мәдени стереотиптерін жақсы білу – мәдениетаралық коммуникацияда сауатты қарым-қатынас орнатудың кепілі, коммуниканттардың бірін-бірі дұрыс түсінуін женілдетіп, ақпарат дұрыс интерпретацияланады; *үшіншіден*, ұлттық-мәдени код құрайтын скриптонимдер (рухани мәдениет) мен фрейм түрінде сақталған аялық білімге қатысты деректер тіл бірліктерінің, атап айтқанда фразеологизмдердің семантикасын ашуға, олардың аксиологиялық мәнін түсінуге мүмкіндік беретіндігін ескерсек, бұл тақырып тіл тарихы, этимология, семантикамен айналысадын тіл мамандары үшін де өзекті; *төртіншіден*, қазақ – орыс, орыс – қазақ, қазақ – ағылшын, ағылшын – қазақ тілдері бойынша аударма жасау үдерісінде аударманың сауаттылығын қамтамасыз етуде аудармашының лингвомәдени күзіреттілігін қалыптастыруға қажет аударматану саласы үшін де ақпараты мол ғылыми

негізді теориялық әрі практикалық еңбек болып табылады. *Бесінишіден*, ұлтты оның тілі арқылы тануда мәдениеттану, этнография, тарих ғылымдары үшін маңызды дереккөздерге жол ашатын зерттеу болуымен де құнды. Таратып айтқанда, этномәдени ұжымның ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тарихи, мәдени, ұлттық, әлеуметтік ерекшеліктері туралы ақпарат береді. Осындай өзекті мәселелерді кешенді қарастырып, оларды шешуге тікелей де, жанама да қатысы бар және осы уақытқа дейін арнайы зерттеудің нысаны болмаған бұл диссертацияның тақырыбы – күрделі әрі тың тақырып, сәйкесінше, бұл тақырыпта орындалған интеграциялық сипаттағы жұмыс та өзекті.

Бұгінгі жаһандану кезеңінде әр ұлттың өзінің төл мәдениетінен, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан ажырап қалмай, ұлттық болмысын, ұлттық кодты сақтап қалуы – маңызды. Қазақстан Республикасының Президенті – Қ.К.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында барлық өркениет мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден-бір кепілі ұлттық болмыс, төл мәдениет пен салт-дәстүрден ажырап қалмау екендігін атап көрсетеді. Диссертациялық жұмыстың өзектілігін осы тұрғыдан да негіздеуге болады.

## **2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Диссертацияда қол жеткізілген нәтиже, ғылыми тұжырымдар мен қорытындылардың негізделуі мен шынайылық дәрежесі жоғары. Зерттеу жұмысының теориялық негізі тілтанымдағы лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, коммуникативті синтаксис салаларына қатысты еңбектерге негізделген. Атап айтқанда, «ұлттық-мәдени стереотип» ұғымын және онымен сабактас «этнотілдік сана», «этномәдени сана», «ұлттық код», «ұлт менталитеті», «аялық білім», «фрейм», «символ», «хрематоним», «скриптоним» сияқты негізгі ұғымдардың жалпы мәні мен лингвомәдени мәнін ашып көрсетеуде В.А.Маслова, Н.В.Телия, В.В.Красных, отандық ғалымдар Ә.Қайдар, Н.Ұәли, Ж.Манкеева, Қ.Жаманбаева және т.б. еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар басшылыққа алынған.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лингвомәдени құндылықтар жүйесіндегі орнын анықтап, олардың вербалдану жолдарын көрсетеуді және коммуникативтік сипатын ашуды мақсат еткен диссидентант *тілді* ғасырлар бойы халыққа тән рухани қазынаны өзінде сақтап, келер ұрпаққа жеткізетін *феномен* ретінде сипаттайды. Сөйтіп, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің кумулятивтік қызметіне талдау жасайды. Бұл орайда зерттеуші диссертациялық жұмысының мазмұны мен құрылымын өзара логикалық сабактастыққа құрылған екі тарауға бөліп, ғасырлар бойы халық жадында сақталған бейнелі сөз орамдарының, лексикалық бірліктердің, фразеологизмдердің тарихына үçіліп, тілдік таңбалардың жасалу жолдарының ғылыми уәжді негізін айқындауға тырысады, сондай-ақ, сақталу жолдарын нақтылап, функционалды-семантикалық даму жолын көрсетеді.

Диссертацияның **бірінші тарауы** «Жаңа ғылыми парадигмалар жүйесіндегі «ұлттық-мәдени стереотип» феномені» деп аталады. Бұл тарауда

зерттеу жұмысының негізгі ғылыми-теориялық тірек сөзі болып табылатын «ұлттық-мәдени стереотип» ұғымына қатысты ғылыми анықтамаларға талдау жасалады (11-29 бб.); «ұлттық-мәдени стереотип» ұғымының аксиологиялық сипаты айқындалып, аксиологемалық стереотиптердің түрлері мен жіктемесі көрсетіледі (30-47 бб.). Бұл орайда диссертант қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аксиологемалық стереотиптерге қатысты өз талдауларын жасауда және қорытынды түйіндер шығаруда теориялық тұрғыдан З.К.Ахметжанова, Н.В.Уфимцева, Е.Жанпейісов, Ю.Е.Прохоров, Г.И.Исина енбектеріндегі стереотиптер, олардың жіктемесі, оның ішінде аксиологемалық стереотиптерге қатысты тұжырымдарды басшылыққа алған.

Диссертант қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптерді салғастырмалы тұрғыда талдау барысында оларды құндылықтар жүйесі ретінде сипаттайтыны. Аксиологемалық стереотиптердің бес құрылымдық қабаттан тұратындығын көрсетеді. *Бірінші қабаты* – хрематонимдер (заттық мәдениет деректі атау, мысалы: баспа, үйге қатысты этномәдени бірліктер – қазақ тілінде: шаңырақ, отау, босаға, табалдырық; орыс тілінде: изба, избушка, крыша; ағылшын тілінде: castle, house, roof; вестонимдер – тон, кафтан, crown, hat – қалпақ, жалпы ағылшындардың өмір-салтында кеңінен қолданылатын баскиімнің түрі, bad hat – «жаман қалпак», аксиологемалық стереотипте залым адамның бейнесін танытса, old hat – «ескі қалпак», ескішіл, кертартпа адамның этикалық бейнесін көрсетеді). Скриптонимдер (рухани мәдениет деректі атау, мысалы: шілдехана, ат қою, крестины, имянаречения, christening, coins for baby); *екінші қабаты* – заттық және рухани мәдениет атауынан түзілетін ұлттық-мәдени кодтар; *үшінші қабаты* – аялық білім көрсеткіші ұлттық-мәдени фреймдерден тұрады; *төртінші қабаты* – тілдік және мәдени семантикадан тұрса, *бесінші қабатты* – ассоциативті бейне түзетін аксиологиялық (этикалық, эстетикалық, утилитарлық, зияткерлік, valeology) мәндер құрайды (дисс. 46-48 бб.). Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің құндылық ретінде қарастырып, оларды жоғарыда санамалап көрсеткен жіктемеге сәйкес талдау зерттеуші Айгуль Мурзинованың үлкен теориялық дайындығын ғана көрсетпей, зерттеу жұмысының күрделілігі мен құндылығын да айғақтай түседі.

Аксиологиялық стереотиптердің коммуникативтік табиғатын айқындау коммуникативтік стратегия мен тактика теориясына негізделген. Бұл орайда О.С.Иссерс, Е.В.Клюев, Н.Уәли енбектеріндегі теориялық тұжырымдар басшылыққа алынған.

Диссертацияның **екінші тарауы** «Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде дүниенің ұлттық-мәдени коды: аксиологемалық стереотиптердің ерекшелігі мен вербалды қатынастағы бейнелену уәжі» деп аталады. Тарау хрематонимді (заттық мәдениет) аксиологемалық стереотиптер және скриптонимді (рухани мәдениет) аксиологемалық стереотиптер деп аталатын екі үлкен тараушаға сараланды.

Хрематонимдік аксиологемалық стереотиптер тірек сөздер негізінде бес түрге, *баспа*, *үй*; *тұрмыстық зам*; *вестонимдік*; *гастронимдік* және

музыкалық *аспап* тірек сөзді компонентті деп ажыратылады. Ал скриптонимді аксиологемалық стереотиптер төртке, *салт-дәстүр, діни рәсім, мереке, ойын* тірек компонентті деп сараланған. Осы жіктеме негізінде үш тілдегі ұлттық-мәдени стереотиптер талданып, зерттеуші тарапынан өзіндік тұжырымдар, қорытынды ұсынылады.

### 3. Изденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Диссидент А. Мурзинованаң қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтары негізінде ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік сипатын «ұлт – тіл – мәдениет» үштігінде және өзара туыс емес қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің салғастырмалы сипатта қарастырған жұмысында қол жеткізілген нәтижелердің шынайылық дәрежесі жоғары.

*Бірінші ғылыми жаңалығы жаңа:* бұл – «ұлттық-мәдени стереотип» ұғымының қазақ-орыс-ағылшын тілі деректері бойынша салғастырмалы бағытта және мәдениеттану, тарих, этнография, лингвистика ғылымдарының тоғысында, интеграциялық сипатта зерттелуі. Нәтижесінде ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекше аксиологиялық сипатқа ие болуының себебі көрсетіледі, бұл – кез келген этнос өкілінің әдет-дағдысы мен мінез-құлқы арқылы сол ұлтқа тән қасиеттер мен құндылықтардың белгіленетіндігі;

*Екінші ғылыми жаңалығы жаңа:* қазақ-орыс-ағылшын тілі деректеріндегі аксиологемалық стереотиптердің лингвомәдени құндылықтар жүйесіндегі салғастырмалы көрінісінің анықталуы. Нәтижесінде қазақ-орыс-ағылшын тіліндегі аксиологемалық стереотиптердің ұлттық код деп тануға болады деген тұжырым жасалған. Оның себебі – хрематонимдер мен скриптонимдердің этноконнотациялық мәнін ашу арқылы тілдік таңбаларда бекіген ұлттық-мәдени стереотиптердің анықталуы.

*Үшінші ғылыми жаңалығы жаңа:* қазақ-орыс-ағылшын тілі деректеріндегі аксиологемалық стереотиптердің заттық және рухани құндылықтарға сараланып, өз ішінде тірек сөз компоненттер негізінде жіктемесінің жасалу және семантикалық, функционалдық, коммуникативтік аспектіден талданып, әр тілге тән ерекшеліктердің көрсетілуі. Қазақ-орыс-ағылшын тіліндегі ұлттық-мәдени нышанды тілдік таңбалардың функционалды прагматикалық ерекшеліктері анықталып, нәтижесінде олардың коммуникантың ниетіне, психологиялық жағдайына, дүниетанымы мен аялық біліміне, мінез-құлқы әрекетіне ықпал ететін экспрессиялық, эмоционалды-бағалауыштық, ассоциативті-бейнелі бірліктер ретінде анықталып, сипатталуы.

*Төртінші ғылыми жаңалығы жаңа:* қазақ-орыс-ағылшын тілі деректеріндегі аксиологемалық стереотиптердің құрылымдық қабаттарының көрсетіліп, уәждерінің айқындалуы;

*Бесінші ғылыми жаңалығы жаңа:* Қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі мәтіндерде колданылған аксиологемалық стереотиптердің жинақталып, «Ispring» бағдарламасы негізінде 440 бірлікten тұратын сөздіктің құрастырылуы және құрылымдық, ссемантикалық мазмұнының

қалыптаңдырылуы. Таратып айтқанда, ұлттық-мәдени стереотип ретінде танылған тілдік бірлікке қатысты сөздік-мақаланың құрылымдық контенті көрсетілген, олар – тіл бірлігінің денотативті және коннотативті аясының, ұлттық-мәдени фреймінің, аксиологиялық мәні мен ассоциативті бейнесінің көрсетілүі. Сөзіміз дәлелді болу үшін диссертациялық жұмыстан бір мысал келтірейік:

*Ошағының басы аман* – қазақ тілінде

денотативті аясы: үстіне қазан қою үшін жасалған үш аяқты тұғыр;

коннотативті аясы: бүтіндіктің белгісі

ұлттық-мәдени фреймі: қазақ үшін ошақтың күйреуі ағайын-туыс, елжүрттың қазасын астарлаған;

аксиологиялық мәні: жағымды этикалық;

ассоциативті бейнесі: бауыры бүтін ағайын-туыс.

*Широкая, как русская печь, старуха* – орыс тілінде

денотативті аясы: куб пішіндес ошак;

коннотативті аясы: іріліктің эталоны;

ұлттық-мәдени фреймі: дәстүрлі орыс тұрмысында пештің ұзындығы – 1,8-2 м, ені – 1,6-1,8 м, биіктігі – 1,7 м құраған;

аксиологиялық мәні: жағымсыз эстетикалық;

ассоциативті бейнесі: ірі денелі, ұзын бойлы, кең иықты қарт әйел.

*The fireplace is the heart of the British home* – ағылшын тілінде

денотативті аясы: тік мұржалы, алды ашық ошак;

коннотативті аясы: татулық пен бақытты өмірдің нышаны;

ұлттық-мәдени фреймі: Британ халқы ерекше құрметтейтін, отбасымен бірге демалатын орын;

аксиологиялық мәні: жағымды этикалық, психологиялық;

ассоциативті бейнесі: жанға жайлышты.

Диссиденттің осындай үлгімен 440 аксиологемма-бірліктен тұратын үш тілді сөздік құрастырған.

Диссертацияның құрылымы, мазмұны, ғылыми негізделу дәрежесі зерттеу барысында жасалған түйін, тұжырымдары диссертацияға қойылатын талаптарға толық жауап береді.

#### **4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.**

Мурзинова Айгульдің «Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің ұлттық-мәдени құндылықтары негізінде)» атты зерттеу жұмысы тіл білімінде антропоцентристік парадигма бағытындағы зерттеулер қатарын толықтырады. Атап айтқанда, коммуникативтік жүйедегі кодқа салынған ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктердің анықталуы және ұлттық-мәдени стереотиптердің семантикалық, когнитивтік, функционалдық коммуникативтік, прагматикалық мән-мазмұнын ашып көрсетілүі лингвомәдениеттану, функционалды лингвистика, лингвокогнитология, лингвоаксиология, прагмалингвистика, мәдениетаралық коммуникация салаларына үлес қосады.

Зерттеу нәтижелерін практикалық мақсатта қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқытуда, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің салғастырмалы лексикологиясы курсында, лингвомәдениеттану, тіл тарихына арналған теориялық курстарда, лексикография саласында, аударматану теориясы мен тәжірибесінде пайдалануға болады.

Зерттеу барысында жинақталған тілдік материалдар мен зерттеу нәтижелерін антропоцентристік бағыттағы басқа да зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында қолдануға болады.

### **5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындылары жариялануының жеткілікті толықтығына растама.**

Зерттеу нәтижелері бойынша барлығы 10 мақала жарияланған. Scopus базасындағы импакт-факторы жоғары журналда 1 мақала (XLinguae. European Scientific Language Journal, 2018); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда жарияланған мақала саны – 4; халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 4 мақала, оның ішінде 3 мақала шетелдік конференцияда, 1 мақала отандық конференция материалдарының жинағында жарық көрген.

### **6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер**

1. Диссертациялық жұмыстың екінші тарауында қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аксиологемалық стереотиптердің құрылымдық-семантикалық және құндылық қабаттарына тән ерекшеліктер, мәдени, танымдық, қолданымдық қырлары жан-жақты әрі терең талданған. Алайда диссертант тарапынан осы талдаулар негізінде шығатын түйінді ой-тұжырымдар кіріспеде, қорытынды бөлімде толық көрсетілмеген. Зерттеуші қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптер бойынша айқындалған өзіндік ерекшеліктер мен ортақ тұстардың (бұлар диссертация мазмұнында бар, тіл бірліктерін салғастырмалы талдау барысында анықталған) ғылыми негіздерін жинақтап, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар ретінде бергені жөн болар еді.

2. Жұмыста техникалық-орфографиялық (56-беттегі компоненттер сөзі; 59-беттегі король сөзі), стильдік қателіктер (57-беттегі Коммуниканттар мәтінде келісім тактикасын орындау үшін «он не выносит сор из избы» аксиологемалық стереотиптің қолданып, құпияшил, сырышыл адамның жағымды этикалық бейнесін экспликациялаган деген сөйлемдегі құпияшил, сырышыл сөздерінің қолданысы) кездеседі.

Бұл ескертпелер диссертациялық зерттеудің мән-мазмұнына, теориялық, практикалық құндылығына нұксан келтірмейді.

### **7. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі**

Мурзинова Айгуль Сериковнаның «Ұлттық-мәдени стереотиптердің ерекшелігі мен коммуникативтік сипаты (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің

ұлттық-мәдени құндылықтары негізінде)» атты тақырыпқа жазылған диссертациясы – талапқа сай, толық аяқталған жұмыс.

Диссертация авторы Мурзинова Айгуль Сериковнаға «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептейміз.

Ресми рецензент:

Сулейман Демирель атындағы университеттің профессоры, филология ғылымдарының докторы

М.С.Жолشاева

